

Жергілікті соттардың аралық жалпы отырысы мен жедел кеңесінің жұмысын ұйымдастыру туралы ереже

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2005 жылғы 7 қыркүйектегі N 162 Өкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ж о ғ а р ғ ы С о т ы Т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 5 ж ы л д ы ң 7 қ ы р к ү й е г і н д е г і
N 1 6 2 ө к і м і м е н
БЕКІТІЛГЕН

Жергілікті соттардың аралық жалпы отырысы мен жедел кеңесінің жұмысын ұйымдастыру туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже облыстық және оған теңестірілген соттардың аралық жалпы отырысы мен аудандық және оған теңестірілген соттардың жедел кеңестерін (бұдан әрі - аралық жалпы отырыс, жедел кеңес) өткізуді, жұмыс тәртібін және өкілеттігін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес жергілікті сот төрағасының жанындағы консультативтік-кеңес беру функцияларын орындайды;

1.2. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің құрамы

2.1. Аралық жалпы отырыстың құрамына мыналар кіреді:

- 1) облыстық соттың төрағасы;
- 2) облыстық тәртіптік-біліктілік алқасының төрағасы;
- 3) облыстық сот алқаларының төрағалары;
- 4) Судьялар одағы филиалының төрағасы;
- 5) судья этикасы жөніндегі комиссияның төрағасы;
- 6) облыс соттарының әкімшісі.

2.2. Жедел кеңестің құрамына төраға, судьялар, кеңсе меңгерушісі кіреді;

2.3. Аралық жалпы отырысты өткізуді дайындау және хаттаманы жасау жалпы отырыс хатшысына жүктеледі;

2.4. Жедел кеңесті өткізуге дайындалу және хаттаманы жасау сот кеңсесі қызметкерлерінің арасынан тағайындалатын хатшыға жүктеледі.

3. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің негізгі міндеттері

3.1. Аралық жалпы отырыс облыстық және оған теңестірілген соттың жалпы отырыстары шақырылымдарының арасындағы кезеңде туындайтын мәселелерді қарайды;

3.2. Жергілікті соттардың аралық жалпы отырысы мен жедел кеңесі соттардың қызметінің барысында туындайтын мәселелерге жедел назар аударып отыруы және оларды қарауы тиіс;

3.3. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің негізгі мақсаттары сот органдарына жүктелген мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу мен ұсынымдарды қалыптастыру
б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) соттардың жоспарларымен және заңнамалармен көзделген іс-шаралардың
о р ы н д а л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) соттардың жұмысын жетілдіру;

3) алға қойылған міндеттерді орындау жөніндегі іс-шаралар өткізу мақсатында судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

3.4. Жедел кеңес аудандық және оған теңестірілген сот қызметінің барысында туындайтын мәселелерді қарайды.

4. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің өкілеттіктері

4.1. А р а л ы қ ж а л п ы о т ы р ы с :

1) кезекті жалпы отырысқа дайындық туралы мәселелерді тыңдайды;

2) облыстық соттың жұмыс жоспарларының, іс-шаралар жоспарларының жобаларын және олардың орындалуын, сондай-ақ Жоғарғы Соттың, облыстық соттың бақылау тапсырмалары мен міндеттерінің орындалуын қарайды;

3) аудандық және оларға теңестірілген сот төрағаларының, соттың жұмысы туралы
а қ п а р а т т а р ы н т ы ң д а й д ы ;

4) соттардың қызметін талдаудың нәтижелерін, іс жүргізу құжаттарының жай-күйін , облыс соттарының сот актілерін орындауға жіберуін талқылайды;

5) көмек көрсетудің (тексерудің) нәтижелерін қарайды;

6) азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдарын тексерудің нәтижелерін
т а л қ ы л а й д ы ;

7) судьялық және қызмет этикасының сақталуы;

8) соттардың есеп беру кезеңі (ай, тоқсан, 9 ай, жыл) ішіндегі жұмысының қорытындыларын, соттардың сот төрелігін жүзеге асыру кезіндегі заңдылықты сақтау туралы, іс жүргізу мерзімдерінің сақталуы, сот процестерін ұйымдастыру, базалық соттардың, кеңселердің, мұрағаттардың, кітапханалардың жұмысын ұйымдастыру, заңнаманы, іс қағаздарын жүргізуді жүйелеу, статистиканы ұйымдастыру туралы
а қ п а р а т т а р д ы т а л қ ы л а й д ы ;

9) облыстық сот төрағаларының, алқа төрағалары мен судьяларының Жоғарғы Сотта, аудандық және оған теңестірілген сот төрағаларының облыстық сотта және базалық сотта, сондай-ақ, жас судьялардың тағылымдамадан (судьялардың біліктілігін арттырудан) өтуінің нәтижелерін талқылайды;

10) облыстық соттардың алқа төрағалары мен судьяларына, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьяларына және соттардың қызметкерлеріне қатысты хаттарды, жеке қаулыларды (ұйғарымдарды), ақпараттарды, ұсынымдарды қарайды;

11) сот практикасына жасалған талдаулардың нәтижелерін талқылайды;

12) судьялар мен сот жүйесі қызметкерлері оқуының ұйымдастырылуын қарайды;

13) өзге де мәселелерді қарайды.

4.2. Жедел кеңес:

1) сот жұмысы жоспарының жобаларын, іс-шаралар жоспарының жобаларын және олардың орындалуын, облыстық соттың бақылауға алынған нұсқаулары мен тапсырмаларының жобаларын қарайды;

2) сот практикасына жасалған талдаулардың нәтижелерін талқылайды;

3) судьялардың сот төрелігін жүзеге асыру, сот процестеріне дайындықты ұйымдастыру және оларды өткізу, істерді қарау мерзімдерін сақтау және т.б. туралы ақпараттарын тыңдайды;

4) азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары бойынша тексерудің нәтижелерін, судьялық және қызмет этикасының сақталуын талқылайды;

5) судьялар мен сот қызметкерлеріне қатысты хаттарды, жеке қаулыларды (ұйғарымдарды), ақпараттарды, ұсынымдарды қарайды;

6) кеңселердің, мұрағаттардың, кітапханалардың жұмысының және оларға жүргізілген тексерулердің, заңнаманы, іс қағаздарын жүргізуді жүйелеудің, статистиканы ұйымдастырудың нәтижелерін талқылайды;

7) өзге де мәселелерді қарайды.

5. Аралық жалпы отырыстар мен жедел кеңестерді өткізудің тәртібі

5.1. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес қажеттілікке қарай өткізіледі;

5.2. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады;

5.3. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің отырыстары хаттамамен ресімделеді, хаттаманы хатшы жүргізеді;

Отырыс хаттамасына мынадай мәліметтер енгізіледі:

1) отырыстың өтетін орны мен күні;

2) отырысқа қатысқан аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес мүшелері туралы;

3) отырысқа шақырылғандар ретінде қатысқан адамдар туралы;

4) қаралған мәселелердің тізбесі;

5) мәселелерді қарау кезінде сөйлеген адамдар туралы;

6) қаралған мәселелер бойынша шешімдер.

Отырыс хаттамасы отырыс өткізілген соң үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және оған төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес хаттамаларына күнтізбелік жылдың реттік н ө м і р л е р і б е р і л е д і .

Отырыстардың хаттамалары, сондай-ақ, олардың материалдары (оның ішінде стенограмма мен диктофон жазбалары) соттардың кеңселерінде тиісті нарядта сақталады.

6. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңеске шығарылған мәселелерді қарау тәртібі мен қабылданған шешімдерді ресімдеу

6.1. Күн тәртібін және аралық жалпы отырыстың қарауына қажетті құжаттарды аралық жалпы отырыс хатшысы, ал жедел кеңестің қарауына енгізілетін құжаттарды хатшы дайындайды;

6.2. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің қарауына шығарылатын мәселелер жөніндегі қажетті құжаттарды алдын ала қарау үшін аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің мүшелеріне беріледі;

6.3. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңес қаралған мәселелер бойынша хаттамалық шешім қабылдайды;

6.4. Аралық жалпы отырыс пен жедел кеңестің шешімдері ұсыныс сипатында болады.

Жоғарғы Соттың ұйымдастыру-талдау

бөлімі